

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
МАҚТАРАЛ АГРАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

**КОЛЛЕДЖДЕГІ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ, АР-НАМЫС ЖӘНЕ  
МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЭТИКАСЫ, ЕҢБЕК ТӘРТІБІН САҚТАУ КОДЕКСІ**

**Бекітілді**

колледждің педагогикалық кеңесінде

Хаттама № 1

31.08.2018 жыл

Колледж директоры, педкеңес төрағасы

 Н.К. Дилдабеков



**Келісілді:**

кәсіподақ комитетінің отырысында

хаттама № 1 29 08 2018 жыл

Кәсіподақ комитетінің төрағасы,

 К.М. Байжанов

**Әзірледі:**

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, колледж заңгері.

Жауапкершілік әрбір оқушыға, оқытушыға, қызметкерге және колледж әкімшілігі мүшелеріне жүктеледі.

Осы құжаттың тармақтары сақталмаған жағдайда, еңбек шарты бұзылады.

Колледж әкімшілігі

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Колледждегі корпоративтік мәдениет, ар-намыс және мінез-құлық этикасы, еңбек тәртібін сақтау кодексі (бұдан әрі - ар-намыс кодексі) Мақтарал аграрлық колледжінің МКҚК ұжымының өзара қарым-қатынастары мен еңбек тәртібін сақтаудың міндетті ережелерін белгілейтін нормативтік құжат болып табылады.

Ар-намыс кодексі ережелерін сақтау күнделікті ескеріледі және колледж қызметкерлерін /оқытушыларын аттестаттау (немесе марапаттау) кезінде бағаланады.

Ар-намыс кодексі колледждің корпоративтік мәдениетін нығайту, дамыту және еңбек тәртібін, қызметтік этиканы сақтау, колледж миссиясын түсіну, оқытушы құрамының, қызметкерлердің, әкімшілік мүшелерінің және қосалқы қызметкерлердің, сондай-ақ оқушылардың ынталандыру деңгейін арттыру мақсатында, қазақстандық білім беру кеңістігінде колледж мәртебесін көтеру және мамандарды даярлау сапасын жақсартуға бағытталған колледж қызметінің стратегиясы мен негізгі бағдарламаларын саналы қолдауды қамтамасыз ету үшін енгізіледі.

Корпоративтік мәдениеттің ар-намыс кодексі колледждің барлық ұжымы үшін бірдей. Колледж әкімшілігі, оқытушылар, қызметкерлер және оқушылар осы мәдениет, ар-намыс, мінез-құлық, еңбек тәртібін сақтау, студенттің ар-намыс кодексінде белгіленген іскерлік қарым-қатынас пен мінез-құлық қағидалары, нормалары мен ережелерін сақтау бойынша өз еркімен міндеттеме алады.

Колледждің әрбір құрылымдық бөлімшесі ішкі құжаттарда оның қызметінің ерекшелігіне қатысты осы ар-намыс кодексінің ережелерін, осы құжаттың негізгі қағидаларын сақтау шартымен және колледждің тиісті құрылымдық бөлімшелерімен келісе отырып нақтылауға құқылы.

### **КОРПОРАТИВТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Колледж және оның қызметкерлері арасындағы қарым-қатынас:

- Колледжді басқару принциптері құзыреттілік, жаңашылдық стилін болжайды;

- Колледж адам ресурстарын табысты қызмет көзі ретінде қарастырады. Қызметкерлердің жеке мүдделері ескеріледі, қызметкердің әлеуетін дамытуға, оны әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз етуге көңіл бөлінеді. Қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы қатынастар еңбек шартында көзделген өзара сыйластық және өзара міндеттемелерді мүлтіксіз орындау қағидалары негізінде құрылады;

- Колледждің барлық қызметкерлері қызметтік өсу саласында тең мүмкіндіктерге ие, қандай да бір бейінді (әлеуметтік) топқа жататынына қарамастан, құрылымдық бөлімшелердің бейінін ескере отырып, өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігіне ие;

- Колледжде адамдардың қадір-қасиетін кемсіту, көпшіліктен бөлу жат қылық болып табылады. Жеңілдіктер мен мадақтаулар ашық түрде, тең дәрежеде және де ортақ мақсаттарға жету жолына қосқан үлесіне қарай белгіленеді;

- Колледжде перспективалы идеялар мен бағыттарды ұсынатын, оларды жүзеге асыру формаларын жүзеге асыра алатын ұтымды көшбасшылық құпталады;

- Колледждің кез келген қызметкері қызметтік қарым-қатынас жасау барысында оның жеке ерекшеліктері есепке алына отырып, бірегей тұлға ретінде қарастырылады. Барлық қызметкерлер колледж қамқорлығында болады, әлеуметтік және құқықтық қорғалуға құқылы, олардың мәселелеріне әкімшілік көңіл бөледі.

### **ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ:**

Әрбір қызметкердің жұмыс мақсаты – жоғары кәсіби нәтижелерге қол жеткізу, колледждің сенімін ақтау:

1) Біздің елде және шетелдегі басқа ұйымдарда әрбір қызметкер колледждің лайықты өкілі болуға тиіс;

2) әрбір қызметкер колледжді басқарудың бекітілген стратегиясын құптайды, мәлімделген корпоративтік мақсаттарды іске асыру үшін жауапкершілікті өзіне қабылдайды және колледж қызметінің нәтижелі болуына атсалысады;

3) әрбір қызметкер өз қызметінің жоғары нәтижелілігіне ұмтылады, бұл колледж имиджін нығайтуға ықпал етеді;

4) колледждің басшылары қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың қосымша ғылыми, оқытушылық қызметпен айналысу құқығын мойындайды және құрметтейді, егер бұл қызмет заңды болып табылса, колледждің заңды мүдделеріне зиян келтірмесе, осы тұлғалардың колледжде өз еңбек міндеттерін адал орындауына кедергі келтірмесе немесе қайшы келмесе, сондай-ақ колледждің беделіне, атына, мүлкіне, серіктестік қатынастарына, құпия ақпаратқа және басқа да ресурстарына зиян келтірмесе;

5) жұмыс процесінде туындайтын проблемаларды шешу кезінде колледж қызметкерлері бірінші кезекте осы ар-намыс кодексінің, еңбек және азаматтық құқықтарды қорғайтын басқа да құжаттардың қағидалары мен ережелерін басшылыққа алады;

6) колледж қызметкерлері колледж мүддесіне зиян келтіретін іс-әрекеттер жасамайды;

7) колледж қызметкерлері өз денсаулығын, өзінің оңтайлы психологиялық жағдайын, жұмысқа қабілеттілігін, қоршаған адамдардың психологиялық жағдайын қолдауға қамқорлық жасайды;

8) колледж қызметкерлері әріптестерінің жеке өмірін құрметтейді, оған қандай да бір араласуға жол бермейді;

9) кәсіптік абырой мен намысты қорғауға, педагог қызметкерлердің кәсіптік этика нормаларын бұзған жағдайда тексерудің әділ және дәлелді болуын талап етуге құқылы;

10) құқықтық, адамгершілік және әдептік нормаларын қадағалауға, кәсіптік әдеп талаптарына сай болуға, педагогтік әдеп қағидаларын сақтауға;

11) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

## **ҰЖЫМДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

Ұжымның бірігіп жұмыс істеуі және әрбір қызметкердің жалпы нәтижеге қол жеткізуге қатысуы, командада жұмыс істей білу, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға деген қамқорлығы ағымдағы және болашақтағы міндеттерді тез және төмен шығынмен шешуге мүмкіндік береді, ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыру жолымен колледждің бәсекеге қабілеттілігін және оның білім беру кеңістігіндегі тиімділігін арттырады.

Басшылықпен және қызметкерлермен қарым-қатынас жасау және жұмыс мәселелерін талқылау кезінде кез келген тараптан жеке ықпал жасауға жол берілмейді. Ұжымдық мәселелерді шешу әділеттілік қағидаларына сәйкес болуы тиіс.

Қызметкердің уақыт талаптарынан туындаған өзгерістерге дайындығы, сондай-ақ тапсырмалардың динамикалық және шығармашылық орындалуына бағдарлануы маңызды сапа болып саналады. Бұл дербестік пен кәсіпқойлық сияқты қасиеттерді көздейді.

Нақты міндеттерді шешу үшін уақытша шығармашылық жобалық (немесе жұмыс) топтар мен ұжымдарды құру құпталады. Кез келген деңгейдегі проблемалар мен міндеттерді шешу кезінде қызметкердің бастамасы, қызметті оңтайландыру және білім беру және өндірістік (ғылыми - зияткерлік) өнімнің сапасын арттыру бойынша жаңа идеялар ынталандырылады.

Колледж қызметкерлері әріптестеріне, оқушыларына және олардың ата-аналарына, серіктестеріне және жұмыс берушілерге көңіл бөлумен, сондай-ақ бірлескен түрде жұмыс атқарумен ерекшеленеді.

## **ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ҚАҒИДАТТАРЫ**

Колледждің өз құрамында бөлім, кафедра, қосалқы персонал бөлімдері (кадрлар бөлімі, кеңсе қызметкерлері, есеп бөлімі, шаруашылық бөлімі, медпункт, паспорт бөлімі, жатақхана, әскери бөлім, техникалық бөлім, техникалық персонал) әр түрлі функцияларды орындайтын құрылымдық бөлімшелері бар.

Әрбір жаңа қызметкердің ұжымға бейімделуі шығармашылық және адами әлеуетті ашуға жағдай жасауға бағытталған жеке шараларды көздейді.

Әр түрлі бөлімдер мен құрылымдық бөлімшелердің колледж қызметкерлерінің корпоративтік өзара қарым-қатынасының әртүрлі нысандары құпталады: жобаларды бірлесіп орындау, жұмыс мәселелерін талқылау және шешу, бос уақытта іс-шаралар өткізу.

## **МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ**

Ішкі корпоративтік қатынастарда жеке жанжалдарды болдырмау колледждің қызметін тиімді қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Мүдделер қақтығысын болдырмаудың жолы – құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің міндеттері арасындағы функцияларды нақты бөлу.

Жанжалды шешу барынша қысқа мерзімде әділдік пен рәсімдік адалдық принциптерін сақтай отырып, колледж, қызметкерлер мен оқушылар үшін шиеленістен шығатын залал барынша аз болу үшін жүргізіледі.

Колледжде қақтығыстарды шешудің негізгі әдісі - екі жақты және көп жақты конструктивті келіссөздер. Негізгі мақсат - даулы жағдайлардың алдын алу. Жанжалдың туындауы туралы хабарды сол жанжалды жедел және тиімді шешуге құзырлы тараптарға жеткізеді.

Құрылымдық бөлімшелердің ешқайсысы да жанжалды жағдайды өз пайдасына шешудің ерекше құқығын пайдалана алмайды.

## **ІСКЕРЛІК ЭТИКЕТ**

### **Ұжымдағы қарым-қатынас**

Жұмыс жағдайдың ыңғайлығын сақтау үшін колледж қызметкерлеріне, оқытушыларына келесі іскерлік этикеттің нормалары мен ережелерін сақтау ұсынылады:

1) бір-біріне құрметпен қарауға, басқа адамдардың ар-намысы мен абыройын сыйлауға, субординацияны сақтауға, қате түсінуден аулақ болуға, адамдардың пікірі мен құндылықтарымен санасуға;

2) әріптестерге, басшыларға және қоластындағыларға "Сіз"- деп және аты-жөні бойынша жүгінуге;

3) жұмыс уақытында қызметтік міндеттерден тыс істермен айналыспауға;

4) әріптестеріне өзінің нашар көңіл-күйін көрсетпеуге;

5) Жағымсыз қарым-қатынасқа, агрессивті және теріс эмоцияларға жол бермеуге, қауіп төндірмеуге;

6) ашуланбауға, шыдамсыздық пен агрессияны көрсетпеуге;

7) жақсы орындалған жұмыс үшін әріптестерін шын жүректен мақтауға;

8) өзінің әдепсіздігіне кешірім сұрауға;

9) достық қатынастарды жұмыс жағдайда пайдаланбауға;

10) әріптестерге көмектесуге, білім және тәжірибемен бөлісуге;

11) өзінің мансаптық өсу проблемаларды тек тікелей басшымен талқылауға;

12) Өзіне-өзі сыншыл болуға, айтылған сынды дұрыс қабылдауға, өзінің және басқалардың қылықтарына барабар қарауға (кез келген нәрсені "жүрекке" жақын қабылдамауға және т. б.);

13) оқытушылармен, оқушылармен қатынас жасау барысында әдепсіздікке жол бермеуге, қызметтік этиканы сақтауға;

14) әріптестердің жеке немесе кәсіби қасиеттерін сыртынан талқыламауға;

15) жасы мен тәжірибесі жағынан үлкен оқытушыларды, еңбек ардагерлерін, колледж әкімшілігі мүшелерін құрметтеуге, оларға құрмет және сыпайылық танытуға;

16) жас мамандарға үлгі көрсетуге, оларға білікті маман болуға көмектесуге;

17) жаңа лауазымға түсу немесе басқа лауазымға ауыстыру кезінде "Білім туралы" заңын, колледж жарғысын, нормативтік құжаттарды және осы ар-намыс кодексін және т. б. басшылыққа алуға, оларды сақтауға;

18) кез келген мәселелер бойынша құрылымдық бөлімдердің тиісті бөлімшелеріне жүгінген кезде сыпайылық, әдептілік, құзыреттілік көрсетуге, мүмкіндігінше мәселелерді шешуге көмектесуге (егер сіздің құзыретіңізге кіретін болса);

19) Қолыңыз тимей тұрған кезде, сізге біреу сұрақпен келсе, мүмкіндігінше көңіл бөлген жөн;

20) колледждің кез келген деңгейіндегі өткізілетін кеңестерге, отырыстарға, іс-шараларға алдын ала 5-10 минут алдын келуге, кешікпеуге.

#### **Басшылар мен қол астындағы қызметкерлер арасындағы қатынастар:**

Басшыларға қол астындағы қызметкерлермен қатынас жасау барысында төмендегідей іскерлік этикеттің нормалары мен ережелерін сақтау ұсынылады:

1) бағыныштыларға этика және іскерлік этикет нормалары мен ережелерін меңгеру жағынан үлгі болу;

2) қарамағындағыларды басқа қызметкерлердің көзінше сынға алмауға, ескертуді оңаша жасауға;

3) қарамағындағылардың алдында өз қателігін мойындай білу және оларды айтқан сындарлы сыны үшін қудаламау;

4) сәлемдескенде қолды бірінші болып созу;

5) ғимаратқа кірген басшы іштегілермен бірінші болып сәлемдеседі.

#### **Қызметкерлерге ұсынылады:**

1) тікелей басшыны өзінің жұмыс орнында ұзақ уақыт болмағанның себептерін хабардар етуге;

2) басшының әдепсіз әрекетіне әріптестердің көзінше мінез көрсетпеген дұрыс. Егер өз пікіріңіздің дұрыс екендігіне сенімді болсаңыз, жеке кездесуге өтініш жасаңыз;

3) колледж басшыларының келбетін тану және аты-жөнін білуге;

4) басшымен кездескен кезде дәлізде немесе ашық аумақта бірінші сәлемдесуге;

5) барлық жерде және барлық мәселеде субординацияны сақтауға;

6) сырттан кіргенде бірінші болып сәлемдесуге.

## **Оқытушы мен қызметкердің этикасы**

Оқытушы оқушыларға жақсы жағынан үлгі болуға ұмтылуы керек. Ол өзінің сыртқы келбеті мен сөзін қадағалауға міндетті. Оқытушы отандық интеллигенцияның рухани мәдениеті мен үздік дәстүрлерінің иесі болуы тиіс.

Сабаққа немесе дәріске кешігуге жол берілмейді. Егер оқытушы сабаққа кешіксе, ол аудитория алдында кешірім сұрау керек, ал дәрісті оқу немесе сабақ толық көлемде өткізу мүмкін болмаған жағдайда, оқушыларға бос орынды өзінің жеке уақыты есебінен толықтыруды ұсыну керек.

Колледжден тыс жерде, оқытушы өзінің ерекше қоғамдық мәртебесін – жастардың рухани және адамгершілік тәлімгері және өзінің колледжіне қатыстылығын ұмытпау керек. Осыған сәйкес оқытушы өзінің мінез-құлқын бақылап, өзінің де, сондай-ақ колледждің де атына нұқсан келтірмеуі керек.

### **Оқушы этикасы**

Колледждегі жылдар қажетті кәсіби білімді жинақтау уақыты ғана емес, сонымен қатар болашақ мамандардың интеллектуалдық, мәдени және рухани дамуының маңызды кезеңі болып табылады. Оқушылар мен оқытушылар арасындағы өзара қарым-қатынас өзара сыйластық қағидаттарында құрылады, басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіруге, оларға моральдық немесе материалдық зиян келтіруге, қарсы әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Мақтарал аграрлық колледжінде білім алу кезінде колледж оқушылары ең алдымен әділдік принципін, колледж жарғысын, оқушылардың ар-намыс кодексін, осы Ар-намыс кодексінің ережелерін, ішкі еңбек тәртібінің ережелерін және азаматтық құқықтарды қорғайтын құжаттарда көрсетілген басқа да ережелерді басшылыққа алады.

Егер есіктерде кезек пайда болса, оқушылар оқытушыларды, қыздарды бірінші жіберуі тиіс.

Колледж ғимаратына кірерде ер балалар бас киімдерін шешіп алуы керек. Сыртқы киімді оқушылар киім ілгішке тапсыру керек (егер бар болса). Оқу аудиторияларында, кітапханаларда, асханаларда және басқа да жалпы пайдаланылатын орындарда сыртқы киімде болуға жол берілмейді.

Оқушыларға сабаққа ұқыпты және колледж рұқсат еткен киіммен келу ұсынылады.

Студенттер сабаққа уақытында келуге міндетті.

Тамақтану арнайы орында ғана рұқсат етіледі. Қоқысты үстелдерде қалдыруға, түкіруге және сағыз жабыстыруға болмайды.

Сабақ кезінде немесе кез келген ресми іс-шаралар кезінде ұялы телефонның дыбыстық сигналы ажыратылуы немесе діріл режиміне ауыстырылуы тиіс. Смартфон телефондарын колледжге алып келуге тыйым салынады.

Әр түрлі іс-шараларда: жиналыстарда, салтанатты отырыстарда, іскерлік кездесулерде, концерттерде, мерекелерде – сөз сөйлеушілерге құрметпен қарау, тыныштық пен тәртіпті сақтау қажет.



Оқушылар сабақ кезінде оқытушыларды үзбеуі керек. Егер оқушы оқытушыға жүгінуі керек болса, онда ол қолын көтеріп, оқытушы тарапынан жауабын күтуі тиіс.

Бір-бірімен қарым-қатынаста оқушылар өзара сыпайы болуы керек. Бір-бірін мазақтауға, діни және ұлттық кемсітушілікке, сондай-ақ агрессияға жол бермеуі тиіс.

Оқу үрдісінде өзара көмек, қарым-қатынаста – шынайылық, ашықтық және төзімділік құпталады.

Төменгі курс оқушыларына немқұрайлы қарауға, жоғары курс студенттері өздерін жоғары санауға жол берілмейді.

Мақтаарал аграрлық колледжінің оқушысы болу – үлкен жауапкершілік пен абырой. Мәдениет, интеллект, кәсібилік, адамгершілік – бұл МАКолледж оқушысының негізгі сипаттамалары.

**Оқушы міндетті:**

- 1) мүлік пен кітапхана қорына ұқыпты қарайды;
- 2) колледждің құқықтары мен міндеттеріне қатысы бар барлық ережелері мен нұсқаулықтарын білу;
- 3) сабаққа үнемі қатысу;
- 4) оқу жоспарларында көзделген тапсырмаларды орындау;
- 5) қоғамдық орындарда өзін зиялы және дұрыс ұстау;
- 6) аралық және қорытынды бақылаудан уақтылы өтуге міндетті.

**Оқушыға тыйым салынады:**

- 7) оқытушыларды алдауға, немқұрайлылыққа немесе жаңылыстыруға әкеп соғатын кез келген іс-әрекеттерге қатысуға;
- 8) колледж, жатақхана аумағында темекі шегуге;
- 9) оқытушыларға, қызметкерлерге және басқа курстардың оқушыларына қатысты өзін дөрекі ұстауға;
- 10) сабақты себепсіз қалдыруға немесе оларға кешігуге;
- 11) оқытушының рұқсатынсыз сабақ уақытында аудиториядан кетуге;
- 12) колледж аумағында спирттік ішімдіктер ішу;
- 13) былапыт сөздер айту;
- 14) есірткілік заттарды қолдану.

**Жиналыстар, конференциялар және кеңестер өткізу**

Жиналыстар мен мәжілістерді, отырыстарды өткізу кезінде бөлінген уақытты барынша тиімді пайдалану керек. Колледж ұжымының барлық мүшелеріне этикеттің келесі нормалары мен ережелерін сақтау ұсынылады:

- 1) жиналыстарға/отырыстарға уақытында келу;
- 2) күн тәртібімен алдын ала танысуға және өзімен бірге барлық қажетті материалдарды, алдын ала дайындалған сұрақтарды немесе түсініктемелерді алуға;
- 3) жиналыс, конференция немесе мәжіліс/отырыс басталар алдында ұялы телефонды өшіру;
- 4) залға қайта оралғаннан кейін немесе шығу қажет болса, бәсең дауыспен кешірім сұрау;

5) жеке мәселелерді шешу үшін жиналыстарды/отырыстарды қолданбау;

6) сөз сөйлеуге қанша уақыт бөлінетінін алдын ала анықтау қажет.

### **Іскерлік киім**

Әрбір оқытушының, қызметкердің және оқушының сыртқы көрінісі – колледж имиджінің негізі. Келесі іскерлік киім кию ережелерін ұстану ұсынылады:

- 1) іскерлік киім стилі консервативті және ұстамды болуы тиіс;
- 2) киім ұқыпты болуға және әлемде қабылданған іскерлік киім стандарттарына сәйкес келуге тиіс;
- 3) жылтыр және ерекше назар аудартатын түстерден аулақ болу керек;
- 4) колледждің корпоративтік белгісін немесе конференциялар мен көпшілік іс-шаралар өткізілген жағдайда Тегі, Аты, Әкесінің аты және лауазымы бар бейдж тағылған жөн.

### **Сыйлықтар мен қызметтер**

Қызметкерлерге колледж оқушылары мен серіктестерінен немесе үшінші тұлғалардан жасалған қызметке немесе ақыл-кеңес үшін алғыс ретінде сыйлықтарды немесе қызметтерді кез келген түрде қабылдауға немесе жеткізіп беруге ұсынылмайды.

Сыйлықтарды (қызметтерді) алу немесе беру қақтығыс тудыруы мүмкін жағдайлардан аулақ болу керек.

Сыйлық ретінде кез-келген соммадағы ақшаны алуға қатаң тыйым салынады.

Егер қызметкерге белгілі бір жағдайда (мысалы, тұсаукесерде немесе басқа ірі қоғамдық іс-шараларда) колледждің ресми өкілі ретінде сыйлық ұсынылса немесе қызмет көрсетілсе және бас тарту әріптестік қарым-қатынастарды дамыту үшін теріс салдарға әкеп соқтыруы мүмкін болса, онда мұндай сыйлықты қабылдау фактісіне жол беріледі, бірақ ол туралы тікелей басшыға хабарлау қажет.

Колледждің өз серіктестеріне ұсынатын сыйлықтары мен қызметтері жеке қызметкерінен емес, жалпы колледж атынан ғана беріледі.

- 1) сыйлық ретінде колледждің символикасы бар заттар қолайлы;
- 2) қызмет деңгейі төмен қызметкерлерден сыйлықтар қабылдауға тыйым салынады;
- 3) қызмет дәрежесі тең немесе өзінен жоғары деңгейдегі қызметкерлерден сыйлықтар қабылдауға рұқсат етіледі.

### **Корпоративтік коммуникациялар**

Колледжде корпоративтік мәдениет кодексін, мінез-құлық ар-намысы мен этикасын енгізу, еңбек тәртібін сақтау, оның стандарттары мен нормаларын енгізу процесі заманауи ақпараттық коммуникациялардың дамуымен сүйемелденуі тиіс. Корпоративтік коммуникация жүйесі

колледжде болып жатқан нақты оқиғалардың толық және жеткілікті түрде көрсетілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Корпоративтік коммуникациялар құралдарына:

1) Әлеуметтік желі, колледж сайты жатады

## **ЖАУАПКЕРШІЛІК**

МКҚК Мақтаарал аграрлық колледжінің әкімшілігі, қызметкерлері / оқытушылары мен оқушылары колледждің ағымдағы қызметі мен дамуына, сондай-ақ оның білім беру қоғамдастығында беделін қолдауға өзара жауапты.

Есте сақтау:

1) жұмыстағы, оқудағы және ғылыми қызметтегі табыстары, колледждің қоғамдық және мәдени өміріне белсенді қатысқаны үшін ерекше көзге түскен қызметкерлер, оқытушылар мен оқушылар моральдық және (немесе) материалдық көтермелеу алады;

2) Колледж Жарғысын, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, сондай-ақ жоғарыда айтылған нормалар мен ережелерді бұзу ұжымының қоғамдық пікірімен сотталады. Қатаң бұзушылықтар болған жағдайда бұзушыларға әкімшілік шаралары қолданылады.

Колледждегі қолданыстағы нормалар мен ережелерді білмеу олар бұзылған жағдайда жауапкершіліктен босатпайды. Сондықтан колледжде қолданылатын барлық ережелер мен нұсқаулықтармен алдын ала танысу керек.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Этикалық нормалар мен ережелерді сақтау тек қана корпоративті мәдениет, ар-намыс және мінез-құлық этикасы, колледждегі еңбек тәртібін сақтау кодексінде қабылданғандықтан ғана емес, сонымен қатар бұл колледждің жағымды корпоративтік мәдениетін қалыптастырады, адамдар арасындағы өзара іс-қимылды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді және өзіне, басқаларға құрмет көрсету болып табылады.

Колледждің барлық бөлімшелерінде жұмыс пен оқу стандарттарының және тәртіп нормаларының айқындығы мен бірлігі, қызметкерлер мен оқушылардың колледж мүддесін сақтауы, колледж миссиясын орындауға, "колледж дамуының негізгі бағыттарын" жүзеге асыруға, оның беделін нығайтуға ықпал етеді.

Колледждегі корпоративтік мәдениет, Ар-намыс және мінез-құлық этикасы, еңбек тәртібін сақтау кодексі (Ар-намыс кодексі) әрбір 5 жыл сайын қайта қаралады және ұжымдық шартпен бір мезгілде колледж ұжымының педагогикалық кеңесінде бекітіледі.